

Қазақстан Республикасының спорттық әдебін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 ақпандығы № 51 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 наурызда № 20083 болып тіркелді.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 65-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 27.06.2025 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының спорттық әдебі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 3) осы бұйрықпен көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

A. Раймкулова

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2020 жылғы 28 ақпандығы
№ 51 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының спорттық әдебі

Ескерту. Спорттық әдебі жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 27.06.2025 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тапау.Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының спорттық әдебі (бұдан әрі – Спорттық әдеп) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 65-2) тармақшасына, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес әзірленді және спортшылардың, жаттықтырушылардың, жаттықтырушы-оқытушылар мен спорт төрешілерінің мінез-құлығының негізгі ережелерін белгілейді.

2. Негізгі ұйымдар:

1) жаттықтырушы, жаттықтырушы-оқытушы - спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін спортшыны даярлаудың оқу-жаттығу процесін және оның сайыс әрекетіне басшылықты жүзеге асыратын жеке тұлға;

2) жеке жаттықтырушы - спортшыны спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық командасынан тыс болған кезеңінде оның жеке-дара даярлау жоспарын орындаудың бағытталған даярлауды (кемінде үш жыл) жүзеге асыратын жаттықтырушы;

3) спорт төрешісі - арнайы даярлықтан өткен және тиісті біліктілік санатын алған, спорттық іс-шараны ұйымдастырушы спорт түрінің қағидаларына және спорттық іс-шараның ережелеріне (регламенттеріне) сәйкес төрелікті қамтамасыз етуге үәкілеттік берген жеке адам;

4) спорттық әдеп - спортшылар, жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар және спорт төрешілері үшін белгіленген мінез-құлық қағидалары;

5) спорттық жарыс - бекітілген ереже (регламент) бойынша өткізілетін сайыстың үздік қатысушысын анықтау мақсатында спорт түрі (түрлері) бойынша спортшылар немесе командалар арасындағы сайыс;

6) спорттық іс-шара - спортшылардың, жаттықтырушылардың және дене шынықтыру мен спорт саласындағы мамандардың қатысуымен өткізілетін спорттық жарыс, оқу-жаттығу жиыны.

2-тапау.Мінез-құлық ережелері

3. Спортшылар, жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар және спорт төрешілері:

1) қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын алкогольдік, есірткілік немесе уыт-құмарлық мас күйінде болуына жол бермейді;

2) адал ойын және адал спорттық жарыс қағидаттарын сақтайды;

3) ұлттық командалардың өкілдеріне, қарсыластарына, көрермендерге және спорттық жарыстарды ұйымдастырушыларға спорттық іс-шараларда құрметпен қарайды;

4) басқа спортшылардың, волонтерлердің құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтейді, сонымен қатар оларға қатысты кемсітушілікке жол бермейді және спорттық іс-шаралар мен марапаттау рәсімдері өтетін жерлерде саяси шерулерге қатыспайды;

5) өзінің спорттық беделіне зиян келтіруі мүмкін даулы жағдайлардан аулақ болады ;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимніне, сондай-ақ спорттық жарыстарға қатысушы елдердің мемлекеттік рәміздеріне ұқыпты және құрметпен қарайды;

7) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнің музыкалық редакциясын, мәтінін біледі;

8) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау кезінде Спорттық әдептің этикалық нормаларын ұстанады;

9) төреші шешіміне құрметпен қарайды және көпшілік даулардан аулақ болады;

10) спорттық жарыстардың қорытындысы бойынша алынған спорттық марапаттарға (кубоктарға, медальдарға, грамоталарға және дипломдарға) ұқыпты және құрметпен қарайды;

11) спорттық жарыстарда марапаттау рәсіміне қатысады;

12) спорттық жарыстарда, марапаттау рәсімі кезінде, ресми суретке түсіру және масс-медиамен жұмыс істеу кезінде спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық командасының немесе өзінің спорт клубының спорттық костюмдерінде болады;

13) спорттық іс-шараны жариялайтын масс-медиа өкілдерінің жұмысына құрметпен қарайды;

14) басқа спортшыларға еліктеу үшін ұлгі ретінде өнер көрсетеді;

15) спорттық жарыстардың ережесін (регламентін) сактайды.

4. Спортшыларға, жаттықтырушыларға, жаттықтырушы-оқытушыларға және спорт төрешілеріне:

1) оку-жаттығу процесіне қатысы бар ақпаратты жария етуге;

2) спорттық іс-шара кезінде немесе одан кейін былапыт сөздер мен нормативтік емес лексиканы, қорлау құмылдарын пайдалануға;

3) спорттық жарыстардың немесе оку-жаттығу жиындарының барысын себепсіз бұзатын немесе араласатын не Қазақстан Республикасының беделіне немесе имиджіне теріс әсер ететін кез келген әрекет немесе мінезд-құлыққа;

4) ым тілі мен мимиқаны қоса алғанда, жазбаша немесе ауызша түрде спорттық іс-шараны өткізу алдында, өткізу кезінде және (немесе) өткізгеннен кейін қандай да бір адамға қауіп төндіруге;

5) командада өзінің діни нағымдарын ашық көрсетуге және басқа адамдарды діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға мәжбүр етуге.

5. Жеке жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар спортшылардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін білуін қамтамасыз етеді.

6. Дене шынықтыру-спорт ұйымдарының басшылары Спорттық әдеп мәтінін дене шынықтыру және спорт ұйымдарында, дене шынықтыру -сауықтыру және спорт ғимараттарында көрнекі жерлерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

7. Дене шынықтыру-спорт ұйымы жаттықтырушымен, жаттықтырушы-оқытушымен, төрешімен еңбек шарты және спорттық қызмет туралы шарт жасалған күні, сондай-ақ спортшы дене шынықтыру-спорт ұйымына қабылдаған күні оларды Спорттық әдеп мәтінімен жазбаша нысанда таныстырады.